

ӘОЖ 23-157(540)

С.Қ. Тұрғанбеков*, Ж.Ж. Молдабеков

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: turghanbekov.samat@mail.ru

Қазақстандағы мәдени жаңғырудың кеңістіктік-уақыттық өлшемдері

Мақалада Қазақстанның уақыттық-кеңістіктік мәдени жаңғыруының төрт кезеңі философиялық білім тұрғысынан сараланған: 1) Тарихи тұрғыдан алсақ қазақ елінің мәдени дәстүрін көне дәуірден бергі әдет-ғұрып, рәсім-салт құрады. 2) XYIII-XX ғғ. оған Ресейдің саясаты, бертін келе коммунистік партияның идеологиясы біржақты ықпал етті, мәдениеттің ұлттық ерекшелігін іштей әлсіретті. 3) 1990-2015 ж. тәуелсіз Қазақстан ұлттық мәдениет пен этносаралық қатынастың жаңа негізінде қарқындады. 4) 2015-2050 ж. қамтиды. Болашақта қазақ халқының Қазақстанның стратегиялық дамуына қосар үлесі еселемек, атқарар әлеуметтік жауапкершілігі анағұрлым артпақ. Өйткені кез келген ұлттың мәдени жаңғыруының ортанбел категориясы адам болып табылады. Алдағы тарихи кезеңде «Қазақ мемлекеті» деген мәртебе қайта оралмақ. Осыдан қазақ халқының тарихы мен мәдени болмысын болашақта еуразиялық бір өлшеммен сипаттау немесе бағалау мүмкіндігі орнықпақ.

Шығыс пен Батыс қазақтың қалыптасуына біртекті емес. Оның үстіне қоғамдық құбылмалы қозғалыста өмірлік тәжірибелер және адами құндылықтар бірден арнасын таппады. Әйтсе де, жетістіктің тетігі мен кілті – қоғамдық күште, елдегі күш-қуаттың бастамасы – ауыз бірлікте, іштей бітімде, халыққа деген адал қызметте деген түсініктер ерте қалыптасты. Халқымыздың тағдырына, тарихына тағзым ете отырып, оның кейбір белестеріне ой жүгіртелік.

Түйін сөздер: ұлттық дәстүр, мәдени жаңғыру, сабақтастық, гуманизм, әлеуметтік жүйе, қоғамдық келісім, ұлттық бірегейлік, ұлттық қауіпсіздік.

S.K. Turganbekov, Zh.Zh. Moldabekov

Modernization of culture of Kazakhstan in the context of space and time

Article spatiotemporal update of Culture of Kazakhstan analyzed with four time points of view of philosophical knowledge. 1) If we take a historical perspective, the traditions of the Kazakh culture from ancient times up customs, ceremonies. 2) In XYIII-XX centuries the culture of the Kazakh people impacted policy of Tsarist Russia, in recent times the ideology of the communist party, which weakened the characteristics of the national culture from the inside. 3) 1990-2015 years in independent Kazakhstan national culture and ethnic relations have been developed on the new basis. 4) The fourth period covers 2015-2050 years. In the future, will double the contribution of the development strategy of Kazakhstan, the impact of such a move, as is currently the central category of modernization of national culture is a human. In the future, has to return the status of the Kazakh state. Therefore, to characterize and evaluate the history and culture of the Kazakh people, are in Eurasia, one size fits all, is the one-sided approach.

East and West had on the formation of the Kazakh culture inhomogeneous influence in every age differently. In unstable conditions change social development real life and human values and can not find one vector of development. Nevertheless, the key to success in force of society and the fundamental principle of the people's forces in unity, harmony, in a fair service to the people. Paying tribute to the fate of the people, make some points in the history of thinking.

Key words: national culture, cultural modernization, continuity, humanism, social system, social harmony, national identity, national security.

С.К. Турганбеков, Ж.Ж. Молдабеков

Модернизация культуры Казахстана в контексте пространства и времени

В статье проанализировано пространственно-временное обновление культуры Казахстана с четырех временных точек зрения: 1) с позиций исторических перемен истоки казахской культуры, ее образ и ориентиры с древнейших времен образовали племенные традиции, обычаи, обряды; 2) в XVIII-XX вв. на культуру казахского народа неоднозначно воздействовала политика царской России, затем – идеология коммунистической партии, которые ослабляли особенности национальной культуры изнутри; 3) в 1990-2015 гг. в независимом Казахстане национальная культура и межэтнические отношения получили свое развитие на новом базисе; 4) 2015-2050 гг. охватывают стратегический период развития республики. В будущем будет удваиваться вклад Казахстана в модернизацию национальной культуры общества, центральной категорией которой является человек. В будущем предстоит возвращение статуса казахского государства. Масштабные и мобильные перемены нуждаются в конструктивном подходе к оценке истории и культуры казахского народа, находящегося в евразийском пространстве.

В каждую эпоху Восток и Запад оказывали на формирование казахской культуры неоднородное влияние. В условиях неустойчивого общественного изменения реальная жизнь и человеческие ценности не находят одного вектора развития. Тем не менее ключ к успеху – в силе общества, а первооснова силы народа – в сплоченности, согласии, в справедливом служении народу. Переломные моменты исторической судьбы казахского народа заставляют задумываться новое поколение людей.

Ключевые слова: национальная культура, культурная модернизация, преемственность, гуманизм, социальная система, общественное согласие, национальная идентичность, национальная безопасность.

Қазақстанды мәдени жаңғырту дегеніміз ел дамуындағы жанарған кезең, жаңғырту кезеңі, оның даму бағытын анықтау; халықтың рухани-адамгершілік және әдет-ғұрып дәстүрін бірге реформалауға, демеулік етуге ұмтылу; ұрпақтың әлеуметтің әлеуетін арттыратын тетіктер мен міндеттерді тиянақтау, көптің әлеуметтік күшін сабақтау; ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға қызмет ету, оған «нұқсан келтірмеу». Мемлекеттік меженің, азаматтық міндеттің және ұлттық мүдденің тоғысатын арнасы, осында.

Қазақстанның ХХІ ғасырда тұрақты дамуына жүйелі негіз және ықпалды қоғамдық орта қажет. Жүйелілікке бастама – Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» Жолдамасында белгіленген [1], қоғамдық орта – қазақ халқының қалыптасу және жетілу тарихында. Жүйелі негіз – Қазақстанның табиғи байлығында, әлеуметтік-саяси тұрақтылығында, рухани бітімінде. Қазақстан әлемдегі демократиялық және республикалық мемлекеттердің жағымды саяси-мәдени бағыт-бағдарын бетке ұстап, өзінің республикалық кескінін нығайтуда. 20 жылдан асқан Тәуелсіздікте халықаралық рейтингінің 51 сатысына көтерілді. Халықаралық эксперттер тарапынан Қазақстан Республикасының үлкен жетістіктерін оң бағалаушылық кең етек алуда. Ел еңсесінің көтерілуі, экономикалық әлеуеттің

өсуі, ұлттың рухани баюы қоғамда жаңа ортаны қалыптастыруда. Қарқынды жаңару аясында Қазақстан өзіндік келбеті мен позициясын сақтады, әлемге танымал елге, мемлекетке айналды.

Қазақстандық жаңғырудың негізгі мәселесі – адам құндылығы мен ұлттық мүддені қатар өрбіту; өмірдегі, мәдениет пен бизнестегі дәстүр сабақтастығын жетілдіру. Мұндай мақсат – тұтас қоғамның ортақ мәселесі, ұлттық интеллигенцияның басты бағдары, мемлекеттік саясаттың тұғырнамасы. Ойланатын нәрсе – мәдени дәстүрдің халықтық үлгісін қалыптастыру, ойландыратын проблема – қоғамды жаңа индустриалды-инновациялық экономика жағдайында өмір сүруге дайындау, Қазақстанның үдемелі экономикалық дамуы арасындағы тепе-теңдікті сақтау және азаматтарды қоғамдық үйлестікпен қамтамасыз ету.

Адамгершілігі артық бағытта іркілмей іздену, адамның тұтастығына бірлесе ілгерілеу – гуманистік дәстүрдің түбірлі тоқтамы. Адамның адамгершілігін арттыру, оны азаматтық және кәсіби дамудың кепілдігіне айналдыру – атананың тілегі, әріптестіктің бағдары, қоғамдық сұраныс. Мәдениеттің осындай ұлттық үлгілерін тұтас зерттеу, оған ықпал етудің тәлімді тәжірибесін іріктеу – әлеуметтік-философиялық талдаудың проблемасы.

Елдің ұлттық мәдени дәстүрі үш сабақтастықта – табиғатпен тілдесіп жарасқанда, қоғамда ашық жүйе орналасқанда, адам еркіндігі жетілгенде үнемі жаңғырмақ. Мәдени сабақтастық – өмір заңы. Адамның ойы мен мінез-құлқы ортақ адамзаттық мүддеге жұмылғанда, өлкелік өркениет пен мәдениет түрлерінің өзара ықпалдасуы жоғары мәртебеге жеткенде елдік мәдениет тамыр жаяды. Елдік дәстүр мәдениетке деген тұтас, межелі жол салынғанда өзіндік сипат алады. Адамзатқа деген тарихи көзқарас қалыптасқанда, этностар мен өлкелік мәдениетке жаһандық тұрғыдан талдау жасалынғанда, елдік мәдениеттің ерекшелігін ұғынушылық артады. Ерекшелік біртектілік пен үйлес заңдылықтан құралады.

Тәуелсіздігін нығайтып жатқан қазақстандықтар үшін «біз кімбіз, қайда барамыз және қайда болғымыз келеді?» деген сауалдардың мән-мағынасы анағұрлым артуда. Жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастыруға деген нақты мүдделілік, оның жаңа қағидаттарына көшу қажеттілігі айқындалуда. Қазақстан еуразиялық кеңістікте Шығыс пен Батыстың дәнекері ретінде өрісін қалыптастырды, әлі де қос өркениеттің үлгілерін өз болмысына әрқалай икемдеп, үйлестіріп келеді. Жетістіктің алғышарты осы үйлестік пен сабақтастықта.

Халықтық дәстүрдің өміршеңдігі оның мәдениеті мен тілінің сабақтастығында жатыр. Шығыстық дәстүршілдіктің ерекшелігі ол өткен дәуірлерде (1) экономикалық, әлеуметтік-саяси және идеологиялық қатынастарын ішкі дәстүр деңгейінде ұзақ уақыттар бойында қайта өңдеді; (2) адамның түрі мен оның өмір сүру салты өзінің әлеуметтік тобымен байланысты және оған бағындырылған; (3) қоғамдағы адамның дүниені қабылдауы оны қоршаған табиғат пен өзіндік тәндік табиғатының ажырамастығымен сипатталады; (4) адамның дүниені қабылдауы қатынастың мифологиялық және діни жүйесімен анықталады.

Біржақты прогресс векторын және оның локальды еуропалық терминін өзге аймақ тарихын айқындауға енгізу жеткіліксіз, өйткені ол адасушылыққа әкеліп соқтырады. «Тарих теориясының кезекті дамуы тек жаһандық деңгейдегі тарихи құралды жетілдірумен ғана емес, аймақтық деңгеймен де айқындалады». Тарихи құрал мәдени дамудың альтернативті модельдерін, модельдерді таңдаудағы еркіндікті және ондағы мүмкіндіктер түрлерін терістей алмайды [2].

Тарихи тәлім неде? Қажеттісі: халықаралық және ішкі дамуға өзекті мәселелер бойынша

нақты бағыттарды жоғалтып алмау; қазақстандық шынайылықты өміршеңдік тенденциялар қайнарымен қамту; ойлау үрдісінде әлеуметтік және гуманистік технологияларды нығайтуды назардан тыс қалдырмау; келісімге дайын, ал экстремизм элементтерінен аулақ болу. Бұл позитивті қадамдар нәтижесінде дамудың инновациялық және интеграциялық типтеріне бағытталған. Және де олар жаһандық әлемге еруге және онда өз орнын табуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік саясат қазақстандық өркениет пен жаһандық логиканың ерекшелігін ескеруге, басшылыққа алуға бағытталған. Қазақстандық ғалым М.С. Орынбеков: «Қазақстандық өркениетте батыстық және шығыстық дүниетанымның ең күшті тұстарын біріктіруге талпыныс жасалында, мәселен, саясатты – этикамен, рационализмді – гуманизммен, батыстық «технология» мен шығыстық «моральды», ғылым мен техниканы – Шығыстың құндылықтарымен, жекелікті – қоғамдықпен, тұрақтылықты дамуымен және т.б.» үйлестіру деп әділ бағалап берді [3, 252 б.].

Сонымен қатар «...логика, жаһандану, ұлттық модель бір арнада тоғыспайтын ұғымдар деген түсінік қалыптасты. Оған түрлі қайнарлар, қызығушылықтар, дәстүрлер мен тенденциялар септік болды. Енді жаһандық дүниетанымдық дағдарыстан шығу сәті ретінде дүниені қабылдауды қайта түсіну қажет. Көзқарасты толықтыру адамның өзі өмір сүретін және оның әрекетін талпындыратын реалдылыққа сәйкестік ретінде; қарсылығынан гөрі көп тұстары шектесетін түрлі көзқарастардың бірге тіршілік етуі ретінде; өркениеттік тенденциялар қозғалысының көпвекторлығын, қоғамның саяси және мәдени дамуының көпнұсқалығын түсіну ретінде білінеді, айшықталады. Жүйенің ішінде көптеген дәстүрлерді мойындау және координат жүйесін бекіту, бір жағынан тараптардың өзара түсіністік горизонтын кеңейтіп, олардың қызығушылықтарын өзара жақындастырса, екінші жағынан адамның табиғатқа және қоғамға, тұтасымен ойынның жалпы ережелері мен халықаралық стандарттары бойынша рационализация үдерісін күшейтеді [4]. Елімізде саясаттағы жұқалық дер кезінде ескерілді, есесіне, дамудың көпвекторлы аясында «қазақстандық жол» қалыптасты.

Қазақстанның уақыттық-кеңістіктік мәдени жаңғыруының төрт кезеңін атап өтуге тұрарлық. 1) Тарихи тұрғыдан алсақ қазақ елінің мәдени дәстүрін көне дәуірден бергі әдет-ғұрып, рәсім-салт құрады. 2) ХҮІІІ-ХХ ғғ. оған Ресей-

дің саясаты, бертін келе коммунистік партияның идеологиясы біржақты ықпал етті, мәдениеттің ұлттық ерекшелігін іштей әлсіретті. 3) 1990-2015 ж. тәуелсіз Қазақстан ұлттық мәдениет пен этносаралық қатынастың жаңа негізінде қарқындады. 4) 2015-2050 ж. қамтиды. Болашақта қазақ халқының Қазақстанның стратегиялық дамуына қосар үлесі еселемек, әлеуметтік жауапкершілігі анағұрлым артпақ. Алдағы кезеңдерде «Қазақ мемлекеті» немесе «Қазақ Республикасы» деген мәртебе қайта оралмақ. Осыдан еуразиялық кеңістікте орналасқан қазақ халқының тарихы мен мәдени болмысын бір өлшеммен сипаттау немесе бағалау біржақтылық нышанына айналуға. Көшпенді өркениетке деген еуропалық қызығушылық бірнеше өте салмақты мотивацияларға негізделіп, «оларды таңғалу, қорқыныш пен әлдебір фантасмагония құрады: олар өзара араласа отырып, өзіне діни, саяси және милитаристік есепті қамтыған интеллектуалды қызығушылық пакетін қалыптастырды... Ерекше қызығушылықты Орта Азия халықтарының шаманизмге деген бейімділігі мен монотеизммен шектесуі тудырты. Мұнымен қатар XIII ғасырдағы Рубрук пен XVIII ғасырдағы Джонн Беллді таңырқатпай қоймаған үлкен діни толеранттылық және бар» [5].

Шығыс пен Батыс қазақтың қалыптасуына біртекті емес, әр заманда әрқалай ықпал етті. Қоғамдық құбылмалы қозғалыста өмірлік тәжірибелер және адами құндылықтар бірден арнасын таппады. Әйтсе де, жетістіктің тетігі мен кілті – қоғамдық күште, елдегі күш-қуаттың бастамасы – ауызбірлікте, іштей бітімде, халыққа деген адал қызметте деген түсініктер ерте қалыптасты. Халқымыздың тағдырына, тарихына тағзым ете отырып, оның кейбір белестеріне ой жүгіртелік.

Көне дәуірде, тіпті қазақ хандығы құрылғанға дейін (XV ғ.) Орта Азия мен қазақ кеңістігі аралас-құраласта болып, 2,5 млн кв. километрге созылған тұтас өмір кеңістігін құрды. Тарихи дәуірлер мен кезеңдерде Орта Азия түрлі мәдениеттерді тоғыстырған катализаторлық кеңістік қызметін атқарды. Мәдени сұхбаттастық әр дәуірде өзінше айқындалып, саяси, экономикалық, тұрмыстық дәстүрге басым ықпалдас-тық еткен шешуші сәттер орын алды. Мәдени сұхбаттастықтың алғашқы бастамалары, біріншіден, кең жазира, ашық даладағы жергілікті тұрғындардың емін-еркін тіршіліктерінен, екіншіден, зороастризм, будда, ислам өмір салттары мен діндерінің арақатынасынан нәр алды,

түрлі аймақта әрқалай қолдау тапты. Үшіншіден, 1,5 мың жылдық тарихы бар «Ұлы Жібек жолының» қазақ халқының өзгені де (басқа халықтарды), өзін де тануға тигізген ықпалы зор болды. Төртіншіден, Орта Азия және Қазақстан ұлыстары мен тайпаларының бір-біріне іштей жақындауына, салт-дәстүр ыңғайына топтасуына ислам діні мен мәдениетінің қосқан үлесі анағұрлым ауқымды, қарқынды болды. Кең байтақ өңірде, көші-қондық рәсім-салтта жұрт бітімін жоғары құндылық деп қабылдау – өмірдің мызғымас тәртібіне, ішкі рухани қажеттілікке айналғанын білдіреді. IX-XIII ғғ. Орта Азия мен қазақ жерінде өнердің Жаңғыру кезеңі ортаға деген төзімділікті, адами қасиетті жоғары мәртебе тұтқандықты аңғартады. Бұл дәстүр өз шоқтығына Батыстан ертерек жетті.

Қазақтың саяси тарихы мен мәдениетінде діннің (әсіресе, зороастризм мен исламның) жергілікті елдер, халықтар арасындағы ортақ рәсім-салт, әдет-ғұрып пен келісім идеологиясын қалыптастыруға қосқан үлесі зор. Ислам рухани қозғалыс идеологиясын қолдады, сана-сезімдегі рухани жетілуді мәдени дәстүрмен үйлестірді. Ең бастысы, рухқа табыну, адам рухын биік тұту, рухани күш-қуаттан қанағат табу – адамдық қабілет-қасиетті өмір құндылығы ретінде іріктеу, қарым-қатынастың тазалығын, жариялылығын, әділдігін орнықтыру дәстүрін қалыптастырды. Бұл бетбұрыс бетке ұстар елдік дәстүрге айналды. Елден шыққан ұстаздар адами қарым-қатынаста сезімдік, парасаттық, имандылық қисынын жүйеледі. Қисынды дәстүр Аллаға, адамға қызмет етуді уағыздау әрекеттерін моральдық тұрғыдан қадағалады. Парыз ғибадаттарын орындау – руханият жұтандығынан арылу рәсіміне айналды. Ұлағатпен үйлесу – Ұлы Жаратушыға жақындаудың төте жолы деген сенім қабылданды. Үйлес дәстүрдің ережесі мұнымен шектелмеді.

VIII ғ. Орта Азия кеңістігіне араб-мұсылмандық мәдениеттің келуімен жаңа серпіліс жергілікті дәстүрлермен үйлесім тапты, стихиялы сабақтастық жаңа сипат алды. Саяси-әлеуметтік үдерістер көрегендігі айқын интеллектуалдарды тарих сахнасына алып келді. Олардың бірі қазіргі қазақ топырағынан шыққан ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби (870-950). Әл-Фарабидің көне антика мұраларын өз бойында синтездеп, оған жаңа көрініс бергенін қазақстандық фарабитанушылар жан-жақты дәлелдеп берді. Әл-Фараби о бастан-ақ түріктік, исламдық және шығыстық өркениет өтінен нәр алды, сол әлеуметтік-мәде-

ни орталармен араласып есейді. Ол түрлі мәдени ортамен сырласты, сұхбаттасты, тіл табысты. Әл-Фараби өмірге, қоғамға, жалпы ізгі іске деген адамның өзін-өзі жетілдіру жолдары туралы салиқалы көзқарасты қалыптастырды. Жетілу жолы – ақиқатты тануда, ғылымға тереңдей түсуде, терең ойлы жандарды өзара жақындатуда. Адамдар арасындағы қатынасты реттеуде ар-намыс пен өзіне деген сенім, ерік пен даналық кең қолдау тапты. Әл-Фараби кісіліктің – адалдық, әдептілік, қайырымдылық, имандылық, қажырлылық сияқты қасиет-қабілеттерінен ауытқымады. Кісілік құндылықтарды даналық жолы және үлгісі деп ұқты, сол бағытынан таймады [6]. Шығыстық мәдени дәстүрдің күретамыры осында.

Әл-Фарабидің Орта Азиядағы Жаңғыру кезінде өмірге келуі, өрістеуі тарихи кездейсоқ емес. Орта Азиядағы Жаңғыру (IX-XIII ғғ.) араб мәдениетімен (VIII-XIII ғғ.), тіпті Қытайдағы мәдени жаңғырумен (VIII-XIV ғғ.) үйлеседі. Оның бір кезеңі мен бағдары Шығыс пен Батыс мәдениетін тоғыстырған «Жібек жолының» тарихымен тамырлас. «Жібек жолы» сауда-саттықтың күретамырына ғана жарап қоймады. Ол Отырар, Түркістан, Таразы сияқты көптеген еуразиялық кеңістіктегі қалалардың бойында өркениет өрісін әрдайым сабақтады. Ел аңсарына қозғаушы күш болған ғұламалар араб, түрік, парсы мәдениетін ислам рухында жинақтады, халықтың рухани сабақтастығы аясында жүйеледі. Ақындар да, ғұламалар да жергілікті дәстүрдің әлеуметтік және діни мазмұндарын ортақ мағынада қабылдады, әрі ортақ бағытта қолданды.

Орта Азия мен Қазақстанда исламның ерекше түрі – сопылық дәстүр, мәдениеттің ұлттық сипаты күш алды. Ахмет Ясауи адамды әсем сөздер, ар-ұждан мен ізгі істер көтеретінін еске салды. Исламмен қатар гуманитарлық білім мен әдебиет қоғамға қозғау салды, рухани күштің қайнар көзіне айналды. Ауыз әдебиеті адам болмысының мәдени келбеті мен үлгісін қалыптастырды. Тұрғын халық көшпелі болса да өз жері мен еліне қажетті игілік, әділдік үшін күресті, қиыншылықта қайғырып қоймай, қайсарлық танытты. Қажеттілікке арналған әрекетте рухани батылдық – шындықты шімірікпей тіке бетке айту күш алды.

Ислам діні мен көшпелілердің мәдени дәстүрі адамның этикасы мен мәртебесін жоғары деңгейге көтерді. Табиғаттың қыр-сырын көріп, сезініп, оқып, үйрену арқылы адамның беделі ұлықталынды. Талпынған адам ортаны өзіне ба-

ғындырудың жолын қарастырды. Орта ғасырда адами құндылықтар тазалық пен үйлесімділікке, дарыған түйсік пен шеберлікке телінді. Рух пен ар-ұжданды бетке ұстағандар өзара жәрдемдесу хикметін жоғары тұтты. Осындай ортада, қауымдастықта дарқан жүректі, терең ойлы, жаны жайсаң азаматтарды тәрбиелеп шығару қастерлі ұғымға, өнегелі салтқа айналды. Өнегелі салтта сенімге деген рухани қажырлық, жүрек пен рухты емдемек, өз еркін дұрыс қолданбақ талпыныс жоғалған емес. Рухани қажеттіліктен туындаған ауызбіршілік межелі күшке, сөнбес қиялға айналды. «Жан дүниесі бай, саналы, терең ойлы, парасатты, сезімтал адамның қиял әлемі де сол қасиеттерге сай бейімделеді. Бұған қоса қиял әлемі кісінің біліміне, мәдениет жағдайына, ой-мақсатына қарай қалыптасады» [7]. Орта Азиялық жаңғырудың мәні мен ерекшелігі осында.

Мәдениет тарихында жаңғыру түрлі үлгілері болғаны анық. Әрбір мәдениеттегі жаңғыру үдерісі сол мәдениеттің дамуындағы шешуші сәттерді айқындады. Антропоцентризм Еуропалық ренессанс дәуіріне сәйкес десек, қазақстандық жаңғыруда «...мультимәдениеттілік мәселесін еңсеру толығымен мәдени және ұлттық бірегейліктің ерекшеліктерін анықтауға, нақтылауға, мәдени кеңістіктегі плюрализмнің мүмкіндіктерін айқындауға мүмкіндіктер береді» [8].

Ресей империясы кезінде, (1) нәсілдік, ұлттық кемсітушілік орын алды, (2) қазақтың ұлттық сезімі тапталды, қазақ өз жерінде тіршілік кеңістігінен ығыстырылды, жалдамалы күшке айналды. Ресей кезінде азғындықтың небір түрлері – ашкөздік, опасыздық, сатқындық кең далаға, қазақ психологиясына таралды. Қазақты ата кәсібінен, ататегінен, ана тілінен, биік рухынан айырды. Қазақты өз жерінің иесі екенін ескерушілік ұмытылды. Қазақ өзінің туған жерінде көп қараның біріне айналды.

КСРО кезінде қазақ халқының саясат пен мәдениеттегі теңсіздігі айқын білінді. «Ұлтым-жұртым» деген «Алаш» партиясы жетекшілерінің түбіне жетті, көздерін жойды. Қазақтың естілері, бас көтеретіндері қуғын-қысымнан тоз-тозы шықты. Қазақ ұлтының зиялы тобынан айрылды. Біржақты таптық идеологияның қысымынан қазақтар ана тіліне қарсы шықты, өз ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жоққа шығаратын саясатқа енді. Қазақ ұлттық мәдениет пен рухқа ие болудан қалыс қалды. Коммунистік партия қазақ тілін қожыратты, оны рухани тұптамұрдан және ұлттық діл-

ден ажыратты. Қазақ қазақтық ерекшеліктерді ұмыта бастады. Ұлттық мұрасын сараптауға, құнттауға шамасы келмеді, біртіндеп одан суынды. Таптық күрес мақсаты ұлттық мүддеден жоғары қойылды. Бұйыққан бейшаралар өз бойында, тұрмыс-салтында рухани адамгершілікті баптай, шынықтыра алмай жіктелінді, бөлінді, төзімділіктен арылды. Өткен жолдың ұлттық сипатын ұқпаған ұрпақта тарихи сана өше бастады, шағын топтар ататегін ұмытты. Бастыққа жағынғандар ұлттық дәстүр-салтқа немкөтерлікпен қарады. Өз басы мен бітімін ала жүрмегендер жалаң ұранға алданды, уәдеге жалданды. Бөлініс ұлттық бітімге нұқсан келтірді, инертті психологиялық күйді санаға сіңірді. Дәстүрлі мәдениет өмірлік құндылығынан айрылып, әуесқойлардың ұранына айналды. Дәстүрдің ұлттық үлгілері тапталды.

Ұлттық мәдениеттің тірегі – елдің тәуелсіздігінде, ұлттық сана-сезімнің нығаюында, этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастың орнығуында. Қазақстанның ел болып жаңаруына, өзіндік даму жолын қалыптастыруға ұлттық мәдени дәстүр, рухани фактор, этносаралық қарым-қатынас мәдениеті ерекше ықпал етті. Үш фактор түрлі тарихи кезеңдерде қалыптасты. Бүгінде олардың арақатынасы қоғамның саяси тұрақтануына, рухани тұтастануына арналуда.

Мәдени жаңғыруға жаңа жағдайдағы адамның тың рөлін түсінбеушілік, топтық қақтығыстар кедергі жасауда. Жаһандық үдерістерді түсінбеушілік немесе өз пайдасына шешпек қылықтар басылмауда. Расында, байлық пен билік қуған саясатта, техникалық жеңілтекті жеке басының қамына жарататын тіршілікте бәсекелестік күтпеген іштей дағдарыстық күйге ұшырауда. Өмір алып дүбірге айналды. Технология қарыштап, өмірдің жылдамдығы артты. Таңғажайып жетістіктер күн санап толастауда. Екінші «ғажап» – адамдар мейірімін жоғалтып алуда, қайырымнан ажырап барады, қатыгездік күшеюде. Адами қабілет-қасиет тауарға, алыс-беріс амалына айналуда. Мейірімді жанашырлар азаюда. Мейірімсіздік салқындығы отбасында белең алып, үлкен мен кішінің арасына сызат түсіруде.

Түсінбеушілікті сейілту, қақтығысты кеміту үшін адам мен қоғамға үлкен дайындық керек. Бұл үшін бізге дағдарысқа қарсы әрекет етудің көпдеңгейлі жүйесін құру қажет. Көпдеңгейлі жүйеге адамның кәсіби білімі мен жұртпен тіл табыса білу қабілеті, оқиғаны сыни тұрғыдан

бағалау мен сыни ойлануды жетілдіру, тәрбиелік жұмысты жақсарту мен өзіндік даму іс-шаралары жатады. Осы бағыттағы ынта-ықылас мәдени дәстүрдің сипатын айқындаған сайын, мұндай талпыныс жанашырлықтың және адам бақытына деген ұмтылыстың түріне айналмақ. Ұлттық мәдениет жанашырлық, туыстық сезімдерін гуманистік практикаға ендірумен құнды.

Нақты іс-шаралар еліміздің жаһандық үдеріске батыл және жылдам енуін көрсетеді. Қазақстандық жаңа бастамалар адамзат құндылықтарын алаламайды, керісінше, ұлықтайды. Олардың өсіп өркендеуіне, татулықта өмір сүруіне қажетті бар жағдайды жасауға бағытталған. Адамзаттың басты құндылықтары – бейбітшілік пен келісім, полимәдениеттілік, этностық және дінісаналуандық қоғамның орасан зор артық күш-қуатына айналуда.

XXI ғасырда адамзатты дараландыратын да, жақындататын да, дамытатын да жеке ұлттар екені және ұлттық қозғалыстар қоғамның басты қозғаушы күшіне айналып бара жатқаны хақ. Ұлтшылдық сезім қоғамдық бастаудың демеушісі ретінде әлемде өрбіп жатқаны тегін емес. Империялық саясат ұлтшылдыққа теріс, жағымсыз мағына енгізді. Ұлттық мүдде таптық шиеленіс пен ұстанымның таптауында қалды. Әлемде Қазақстанның өмірлік ықпалы артып жатқанда қазақ ұлтына деген ұлтшылдық көзқарастар өресін кеңейтті. Қазақтың ұлтшылдығы – туған жұртына деген шексіз махаббатқа, ақыл-ойға, берік патриотизмге, парасат-пайымға, болашаққа деген нық сенімге негізделген. Бұл (1) мейірім мен қайырымдылыққа негізделген жаңа түсінік, (2) мемлекет құрушы ұлт ретінде өз болмысы мен келбетін тұтас сақтамақ жүйелі ұстаным, (3) бұрын өктемдік еткендердің ықпалынан арылуға арналған ұзақ та өршімелі ұмтылыс.

«Ұлтшыл» деген ұғымдық жаңа түсінік ұлттық фактордың өсуінен және қоғамдық сананың жаңаруынан туындауда. Тәуелсіздігін жаңадан алған елде ұлтшыл сезім қоғамдық сананы өзгертуге және жаңаша ойлану қабілетін қалыптастыру қажетінен қолдау табуда. Мәдениет пен мемлекет аясында ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық мүдде қалыптаспай адамның ар-ұжданы нақты арнасын таппайтынын, азаматтық сана-сезім ұлттық болмыспен қабыспайтынын ақпараттық қоғам көрсетуде. Адамдық және ұлттық құндылықтарды қолдан жасауға, әркімнің өзінше бұрмалауына және тіптен ескерушіз қалдыруға болмайтынына көзіміз жетуде. Осы міндеттерді жүзеге асырудың мәдени жүйесін

жасау – ұлттық мүдде. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім алдымен өзін қамшылауы тиіс.

Біздің қоғамда уақыт сынына төтеп бере алатын жаңартылған және әлдеқайда тиімді әлеуметтік саясатқа деген сұраныс өсіп келеді. Тәуелсіздік тәжірибесінің үйреткені: өз халқың мен мемлекетіңнің мүддесін өзіңше қорғай біл, соған қамқорлық жаса; өзіңнің қабілет-қасиетіңді әрекетте көрсет. Ол міндетті шешу үшін біз үш бірдей жаңғырту жүргізуге тиіс едік: Өзіндік әрекет – әлеуметтену мен индивидуалдық ерекшелікке бөленудің өлшемі, сондай-ақ мәдени жаңғырумен үйлес. Дұрыс идеяны белгілі бір ретпен байланыстыру тәртібі ойлану қасиеттері мен ойлау әдісін, олардың арасын біріктіретін тоқтам-түйіндерді қалыптастырды. Нақтылық – сенімге жол. Сенім – жеке идеялардан ерекше әдіспен құрылған жүйе, адамның ішкі бірлігін сақтайтын дәйекті мүмкіндікті арттырады.

Біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің айнымас шарты – қоғамдық келісімді сақтау және ұлттық қауіпсіздікті нығайту. Мемлекет пен қоғамның міндеттемесі – азаматтарға олардың іскерлік белсенділігін жүзеге асыруға барынша мүмкіндік беру; қоғамымыздағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайту барысында мемлекетіміздің ұзақ мерзімді кезеңге бағдарланған даму векторын күшейту; халы-

қаралық прогрессивті бастамалардың бәрін одан әрі қолдап, жаһандық қауіпсіздікке үлесін қоса беру. Ұлттың генетикалық коды – азаматтық таулық пен ұлтаралық келісім, ұлттық мәдениет пен гуманистік дәстүрдің әралуандығы мен ұлылығын қосып қорғау ережесінде.

Қоғамның басты бағыттары бойынша мемлекет пен азаматтық мақсаттардың өзара сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды, қазақстандық мәдениеттің болашағын өрбітпек. Мәдени жаңғыру – өз еліне пайдасын тигізуден, өз Отанының тағдырына жауапты болудан; жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сананы қалыптастырудан және бірлесіп пәрменді жұмыс істеуді үйренуден білінеді. Бұл – қоғамдағы тұрақтылықтың ең мекем кепілі, ел бірлігінің асыл қасиеті. Бірлік, ынтымақ, сабырлық пен парасаттылық ең алдымен өзімізге керек. Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Ол үшін жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз, көпұлтты сипаты бар, біртұтас елдікті нығайтуымыз керек. Бұл – біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің айнымас шарты екендігін көрсетеді. Мәдени жаңғырудың басты шарттарын әрбір адам дербес, пәрменді, нәтижелі шешуге тиіс. Мәдени жаңғырудың құндылығы да, қадірі де осы тұлғалық бастама мен жетістікте.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы, 1997; Стратегия «Қазақстан-2050» – новая государственная политика. Послание Президента Н. Назарбаева казахстанскому народу. // Казахстанская правда, 15.XII. 2012.
- 2 История Востока. Т.1, Восток в древности. – М.: «Восточная литература» РАН, 2002. – С. 6-15.
- 3 Орынбеков М.С. Идеи А.Х. Касымжанова о будущем казахстанской цивилизации. / М.С. Орынбеков // Духовное самоопределение человека и общества. Первые Касымжановские чтения: Материалы Международной научной конференции. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – С. 252.
- 4 Молдабеков Ж.Ж. Логика глобальных тенденций и ее национальная модель. // Духовное самоопределение человека и общества. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – С.168-169.
- 5 Фишлер А. Номады глазами европейца. / А. Фишлер // Казахстан и казахи в мировой системе координат. / Central Asia MONITOR. – №38. – 21. – 27.09. 2012 г.
- 6 Аль-Фараби. Философские трактаты. Алма-Ата: «Наука», 1970. – с. 430.
- 7 Гүлен Ф. Иман аясында. – Алматы: «Көкжиек-Б» баспасы, 2009. – 448 б.
- 8 Кирабаев Н.С. Аль-Фараби и развитие античной философской традиции / Н.С. Кирабаев // Аль-Фараби: Философия. Культура. Религия: Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию КазНУ им. аль-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – С. 32.

References

- 1 Kazakhstan-2030. Procvetanye, bezopasnost i uluchenye blagosostoyanye vseh kazakhstancev. Poslanye Prezydenta strany narodu Kazakhstana. – Almaty, 1997; Strategya «Qazaqstan-2050» – navaya gosudarstvennaya polityca. Poslanye Prezydenta N. Nazarbayeva kazakhstanscomu narodu. // Kazakhstanskaya pravda, 15.XII. 2012.
- 2 Istorya Vostoca. T.1, Vostoc v drevnosty. – M.: «Vostochnaya lyeratura» RAN, 2002. – S. 6-15.

- 3 Orynbekov M.S. Idey A.H. Kasymzhanova o budushem kazakhstanскоy cyvylyzacyy. / M.S. Orynbekov // Duhovnoe samoopredelenye cheloveca i obchestva. Pervye Kasymzhanovskyye chtenya: Materyaly Mezhdunarodnoy nauchnoy konferencyy. – Almaty: Qazaq unyversyteti, 2003. – S. 252.
- 4 Moldabekov Zh.Zh. Logyca globalnyh tendency i ee nacyonalnaya model. // Duhovnoe samoopredelenye cheloveca i obchestva. Pervye Kasymzhanovskyye chtenya: Materyaly Mezhdunarodnoy nauchnoy konferencyy. – Almaty: Qazaq unyversyteti, 2003. – S.168-169.
- 5 Fyshler A. Nomady glazamy evropeyca. / A. Fyshler // Kazakhstan i kazakhy v myrovoy systeme koordinat. / Central Asia MONITOR. – №38, 21. – 27.09. 2012.
- 6 Al-Faraby. Phylosophskyye traktaty. – Alma-Ata: «Nauka», 1970. – S. 430.
- 7 Gulen F. Iman ayasynda. – Алматы: «Kokjyek-B» baspasy, 2009. – 448 b.
- 8 Kyrabaev N.S. Al-Faraby i razvytye antychnoy phylosophskoy tradycyy / N.S. Kyrabaev // Al-Faraby: Phylosophya. Kultura. Relygya: Materyaly mezhdunarodnoy nauchno-practycheskoy konferencyy, posvyachennoy 75-letyu KazNU im. al-Faraby / Almaty: Qazaq unyversyteti, 2009. – S. 32.